

**ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ТЕКСЕРУ
КОМИССИЯСЫ**

**«Шымкент қаласы аудан әкімдіктеріне бағынысты мекемелеріне
бөлінген бюджет қаражатын пайдалану тиімділігінің мемлекеттік аудиті»
аудиторлық іс-шарасы бойынша жүргізілген аудиттің нәтижелеріне**

АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

**ШЫМКЕНТ
2025 жыл**

МАЗМҰНЫ

I. Кіріспе бөлік

- 1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы: _____
- 1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты: _____
- 1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері: _____
- 1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: _____

II. Негізгі (талдамалық) бөлік

- 2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау: _____
- 2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері: _____
- 2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе): _____ (болған жағдайда)

III. Қорытынды бөлік

- 3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар: _____
- 3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар: _____
- 3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар: _____
- 3.4. Қосымша: (____ парақ) Мемлекеттік аудит нәтижесі бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің тізілімі.

АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

I. Кіріспе бөлік

1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы: «Шымкент қаласы аудан әкімдіктеріне бағынысты мекемелеріне бөлінген бюджет қаражатын пайдалану тиімділігінің мемлекеттік аудиті».

1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты: Шымкент қаласы аудан әкімдіктеріне бағынысты мекемелеріне бөлінген бюджет қаражатын пайдалану тиімділігін бағалау.

1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері:

- Шымкент қаласының Абай ауданы әкімі аппаратының «Абай» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - *Мекеме*);
- Шымкент қаласының Еңбекші ауданы әкімі аппаратының «Еңбекші» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - *Мекеме*);
- Шымкент қаласының Тұран ауданы әкімі аппаратының «Тұран» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - *Мекеме*);
- Шымкент қаласының Қаратау ауданы әкімі аппаратының «Қаратау» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - *Мекеме*).

1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: 20.02.2023-31.12.2024 жылдар аралығы.

II. Негізгі (талдамалық) бөлік

2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау.

Шымкент қаласы аудан әкімдіктеріне бағынысты мекемелеріне бөлінген бюджет қаражатын пайдалану тиімділігіне жүргізілген талдау нәтижесімен, аудандар бойынша көшелерге жыл сайын кезең-кезеңімен ағаштар отырғызу, ағаштарды есепке алып тіркеу, көгалдандыру мен суғару жұмыстары, аудан аумағындағы тарихи және мәдени мұраны нысандарын қорғау, қаланы су басудың алдын алу мақсатында салынған ирригациялық жүйелерді нығайту мен жолға қою сияқты жұмыстарды жүйелі түрде жоспармен жүзеге асыру бойынша көрсеткіштер белгіленбеген. Бұл ретте, Мекеменің атқаратын қызметтерінің жоспарлық көрсеткіштері белгіленбестен, тек бекітілген аудан аумағындағы көшелерді механикалық қолмен санитарлық тазарту, көшелерге орнатылған урналарды күтіп ұстау және аудан әкімінің аппараты тарапынан берілген тапсырмалар мен тұрғындардың өтініш-шағымдары көлеміндегі ағымдағы жұмыстарды атқарумен шектелген, ал қаланың даму қарқынын жүйелі түрде арттыру мақсатында жоспарлы түрде жұмыстар атқарылмаған.

«Шымкент қаласында бесінші ауданды құру және аудандардың шекараларын белгілеу туралы» бірлескен Шымкент қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 7 шілдедегі №1234 қаулысы және Шымкент қаласы мәслихатының 2022 жылғы 7 шілдедегі №18/164-VII шешіміне өзгеріс енгізу туралы» Шымкент қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 14 маусымдағы № 2818 бірлескен қаулысы және Шымкент қаласы мәслихатының 2024 жылғы 14 маусымдағы №

17/152-VIII шешімімен Шымкент қаласындағы аудандардың шекаралары белгіленген.

Аудитпен қамтылған 4 Мекемелердің мәліметіне сәйкес аудандар аумағында көшелер саны бойынша ақпарат төмендегіше:

№ к/с	Мекемелер атауы	2023 жыл			2024 жыл		
		Көшелер саны (барлығы)	оның ішінде:		Көшелер саны (барлығы)	оның ішінде:	
			Ішкі орамдық көшелер	Магистральдық көшелер		Ішкі орамдық көшелер	Магистральдық көшелер
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Абай КММ	1274	1194	80	1274	1194	80
2	Енбекші КММ	662	645	17	662	645	17
3	Қаратау КММ	595	520	75	811	736	75
4	Тұран КММ	586	490	96	586	490	96
	Барлығы:	3117	2849	268	3333	3065	268

Аудитпен қамтылған 4 Мекемелер аудит объектілері бойынша 2024 жылы аудан аумағында ішкі орамдық көшелер саны 3065 құрайды, 2023 жылмен салыстырғанда 216 көшеге артқан.

Аудан аумағындағы ішкі орамдық көшелерді көгалдандыру және күнделікті санитарлық тазалау бойынша ағымдағы шығыстар жыл сайын бюджеттік бағдарламамен қаржыландыру жоспарының өсу серпіні байқалады.

Қаржыландыру жоспарының ұлғаюның негізгі себептері, халық санының өсуі мен жаңадан салынған жеке секторлар мен көп қабатты тұрғын үйлердің салынуынан ішкі орамдық көшелерде және көп қабатты тұрғын үйлердің аулаларында атқарылатын санитарлық тазалау жұмыстарының көлемі артуына байланысты өсуде. Негізгі атқарылатын жұмыстардың басымдылығы, яғни көшелерді механикалық тазалау, көшелерді жуу, сыпыру, қыс мезгілінде жиналған лас суларды тазарту мен қар күреу, тайғаққа қарсы инертті материалдарды себу, аялдамаларды, аяқжолдарды, ирригациялық арықтарды, жиектастардың жанын тазалау жұмыстары атқарылуда.

Мекеменің қызметінің іске асырылу тиімділігін қорытындылай келе, Жарғыға сәйкес жүктелген міндеттерді және аудан әкімдері тарапынан берілген тапсырмалар мен тұрғындар тарапынан түскен шағым-өтініштерді орындау мақсатында көрсеткен қызметтері жеткіліксіз деңгейде деп тұжырымдауға болады.

Себебі, Мекеменің жарғысына сәйкес жүктелген міндеттердің кейбір тармақтары бойынша жұмыстар атқарылмай келген, яғни жарғыдағы 12)-тармақшасы туысы жоқ адамдарды жерлеуді ұйымдастыру, 15)-тармақшасы қабірлерді жобалау және салу, 18)-тармақшасы қайтыс болған адамдарды немесе олардың сүйектерін жерлеу үшін зираттарды уақтылы дайындау, 22)-тармақша азаматтарға жерлеу орнын күтіп-бағу үшін мүкәммалды жалға беру бойынша қызмет түрлері орындалмаған.

Анықталған бұзушылықтар қолданыстағы Мекемелердің жарғысының, бюджеттік, бухгалтерлік есеп, мемлекеттік сатып алу және басқада заңнамалардың талаптарын сақтамау, басшылыққа алмаудан орын алған.

Аудиторлық іс-шарамен 4 аудандық әкімдерінің аппараттарына бағынысты 4 коммуналдық мемлекеттік мекемелерде 009 015 «Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз етудегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша қамтылған бюджет қаражаты 7 366 235,0 мың теңгені құрайды, оның ішінде 2023 жылы 598 678,0 мың теңге, 2024 жылы 6 767 557,0 мың теңге. Мекемелер бойынша жылдар бөлінісінде қаржылар төмендегіше:

№	Аудит объектілері	Бюджеттен бөлінген қаржы көлемі /мың теңге/		
		Барлығы:	2023 жыл	2024 жыл
1	«Абай» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	1 799 753,0	208 843,0	1 590 910,0
2	«Еңбекші» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	1 817 088,0	389 835,0	1 427 253,0
3	«Қарата» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	1 979 449,0		1 979 449,0
4	«Тұран» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	1 769 945,0		1 769 945,0
	<i>жиыны:</i>	7 366 235,0	598 678,0	6 767 557,0

Жалпы бюджеттік бағдарлама бойынша қамтылған бюджет қаражаты 7 366 235,0 мың теңгені құрайды, оның ішінде 111-ерекшелік айлық жалақының үлесі 25-30% аралығы, 149-ерекшелік басқада қорларды сатып алудың үлесі 35-40% аралығын құрайды.

Бюджеттен бөлінген жалпы қаржылар Мекеменің қызметін жүзеге асыруға бағытталып, нақтыланған қаржыландыру жоспарларына сәйкес қаржылар жұмсалынған. 2023-2024 қаржы жылдарына бастапқы жоспарланған бюджет қаржысы бюджеттік бағдарлама аясында игерілгенімен, бірақ қаржы жылдары соңында игерілмеу қауіпі бар бюджеттік бағдарламаның ерекшеліктері бойынша қаржыларын мәслихат шешімдерімен қысқартып, тиімсіз жоспарлауға жол берілген.

Аудитпен қамтылған 4 Мекемелерде 2024 жылы барлығы 71 дана арнайы (мамандандырылған) техникалар 1 262 466,3 мың теңгеге сатып алынған.

Мекемелердің қызметтерінің мәні мен мақсаты аудандар бойынша көшелерді механикалық қолмен санитарлық тазарту, көшелерге орнатылған урналарды күтіп ұстау, көгалдандыру, абаттандырылған нысандар мен мүліктерге күтіп ұстау жұмыстарын жүргізу, аудандағы зират қорымын ұстау және пайдалану жөніндегі ұйымдастырушылық-өкімдік және әкімшілік-шаруашылық функцияларды жүзеге асыру, жерлеу және зираттар мен өзге жерлеу орындарын күтіп-ұстау, аудандар аумағында орнатылған балалар және спорт алаңшаларын күтіп-ұстау жұмыстарын ұйымдастыру.

Сондай-ақ, аудандар аумағындағы көпқабатты тұрғын үйлерге және орталық көшелерге орнатылған декоративті жарықшамдарды күтіп ұстау, тарихи және мәдени мұраны күтіп ұстау жұмыстарды ұйымдастыру.

2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері.

Аудиторлық іс-шарамен қамтылған аудандық әкімдерінің аппараттарына бағынысты 4 коммуналдық мемлекеттік мекемелерде 009 015 «Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз етудегі қызметтер» бюджеттік бағдарламалары бойынша жалпы бұзушылықтар саны 27 тармақ, оның ішінде қаржылық бұзушылық 14 бірлік, тиімсіз жоспарлау 6 бірлік, тиімсіз пайдалану 1 бірлік, рәсімдік сипаттағы бұзушылықтардың саны 6 бірлік, оның ішінде жүйелі кемшіліктер 4 бірлікті құрады.

Аудиторлық іс-шара қорытындысымен анықталған бұзушылықтар сомасы 2 288 090,4 мың теңгені құрады, оның ішінде қалпына келтірілетін қаржылық бұзушылықтар көлемі 23 417,5 мың теңгені құрады (оның ішінде аудит барысында қалпына келтірілгені 7 648,4 мың теңге), бюджетке өтелуге жататын қаржы 3 962,9 мың теңге (оның ішінде аудит барысында бюджетке өтелгені 1 679,5 мың теңге), тиімсіз жоспарланған 2 184 270,0 мың теңге, тиімсіз пайдаланылған 76 440,0 мың теңге. Аудит объектілері бөлінісінде атап айтқанда:

1. «Абай» коммуналдық мемлекеттік мекемесі: Шымкент қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 20 ақпандағы №356 қаулысына сәйкес Мекеменің Жарғысы бекітілген. Шымкент қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 1 ақпандағы №145 қаулысымен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген.

Мекеменің штаты 2023 жылғы 4 мамырдағы №2-н/қ бұйрықпен штаттық құрылым 54 бірлік бекітілген. Өндірістік қажеттілікке байланысты, 2024 жылға штаттық құрылымға 230 бірлік қосылып, Мекемеге 2023 жылғы 29 желтоқсандағы №50-н/қ бұйрықпен штаттық құрылым 284 бірлік бекітілген.

Мекеме жарғыға сәйкес мақсаттарына қол жеткізу үшін мынадай қызметтің түрлерін жүзеге асырады, яғни қызметінің негізгі мәні аудан бойынша абаттандырылған нысандарды және аудан әкімі аппаратының теңгеріміндегі мүлікті күтіп-ұстау жұмыстарын жүргізу. Сондай-ақ, аудан әкімі аппаратына қарасты меншіктегі зират қорымын, жерлеу, зираттар мен өзге де жерлеу орындарын күтіп-ұстау және пайдалану жөніндегі ұйымдастырушылық-өкімдік және әкімшілік-шаруашылық функцияларды жүзеге асырады. Аудан аумағында орнатылған балалар ойын алаңшаларын, ашық спорт алаңшаларын орнату және күтіп-ұстау, мерекелік безендіру, су басудың алдын алу мақсатында ирригациялық жүйелер салу, тазалау және күтіп-ұстау.

Аудиторлық іс-шара қорытындысымен анықталған жалпы бұзушылықтар сомасы 553 636,4 мың теңгені құрады, оның ішінде қалпына келтірілетін қаржылық бұзушылықтар көлемі 2 410,5 мың теңге, бюджетке өтелуге жататын артық төленген айлық жалақы 75,7 мың теңге (аудит барысында 75,7 мың теңге өтелді) және тұрақсыздық айыппұл 1 233,2 мың теңге (аудит

барысында 10,0 мың теңге бюджетке өтелді), 549 917,0 мың теңге тиімсіз жоспарланған. Атап айтқанда:

Мекеменің 2023 жылғы қаржылық есебіндегі айналым балансында дұрыс емес бухгалтерлік операция жүргізіліп, дебиторлық және кредиторлық берешектер жалпы 2 410,5 мың теңгеге (3122-шоты - 4,3 мың теңге, 3151-шоты - 7,9 мың теңге, 3152-шоты - 4,2 мың теңге, 3241-шоты - 638,6 мың теңге, 1319-шоты 355,5 мың теңге, 2370-шоты 1400,0 мың теңге) бұрмалауға жол берілген.

Келісім шарттардағы талаптар мен міндеттемелердің орындалуына жүргізілген аудит нәтижесінде заттарды-тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау және көрсететін қызметтерді мерзімінен кешіккен күндері үшін 2023-2024 жылдар қорытындысымен тұрақсыздық айыппұл барлығы 1 233,2 мың теңге анықталды, оның ішінде 2023 жылы 722,3 мың теңге және 2024 жылы 510,9 мың теңгені құрады, оның ішінде 10,6 мың теңгесі аудит барысында бюджетке өтелді.

Сондай-ақ, Мекеме тарапынан құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы 18.06.2024 жылғы №110 келісім шарт бойынша кешіккен күндері үшін 1 276,8 мың теңге 2024 жылғы 31 қазан №1 төлем тапсырмамен бюджетке өндірілген.

Мекеме қызметкеріне 75,7 мың теңге 2023 жылы желтоқсан айының айлық жалақысы негізсіз артық аударылғаны анықталып, аудит барысында 75,7 мың теңге бюджетке өндірілді.

2023 жылы 8 435,0 мың теңге және 2024 жылы 541 482,0 мың теңге, барлығы 549 917,0 мың теңге техникаларды сатып алу бойынша өткізілген конкурстарға жеңімпаз анықталмау салдарынан және жыл соңында игерілмеу қауіпі болуына байланысты қысқартылып, тиімсіз жоспарлауға жол берілген.

2023 жылы Мекеме басшысының міндетін атқарушының 24.10.2023 жылғы №34-н/қ және 2024 жылы Мекеме басшысының 21.10.2024 жылғы №69-н/қ «Жабдықтарға және заттай құндылықтарға түгендеу жүргізу» туралы бұйрықтары шыққанымен, түгендеу жұмыстары жасалмаған. Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік деректерінің дұрыстығын қамтамасыз ету мақсатында жылына кемінде бір рет активтер мен міндеттемелерге түгендеу жүргізілуі тиіс.

Аудан аумағында орналасқан жалпы саны 10 жерлеу орындары бар (олар: Алтын төбе тұрғын үй алабы мазараты Бадам тас жолы н\з, Ақжайық шағын ауданы мазараты - Қостанай көшесі н\з, Көк-бұлақ тұрғын алабы мазараты - Жомарт ата көшесі, Жиделі мазараты - көлік-логистикалық орталығы (ТЛЦ) тас жолы н\з, Файб-баба мазараты Түркістан көшесі, Сыпырхан ата мазараты - Темірлан тас жолы, Мамариза-ата мазараты Түркістан көшесі н\з, Темірші әулие мазараты - Темірлан тас жолы, Тәуелсіздікке 20 жыл тұрғын алабы мазараты - Ғали Орманов н\з, Қайнар-бұлақ тұрғын алабы мазараты - Бөлешов көшесі н\з), осы зираттарын күтіп-ұстау қарастырылған.

Жалпы, Мекеме жарғысында көрсетілген қызметтерді жүзеге асырған. Алайда, жарғыдағы 3-тарау, 14-тамақтың 13), 16), 19), 23)-тармақшалары бойынша көрсетілетін қызмет түрлері орындалмаған. Аталған тармақтардағы қызмет түрлері бойынша тиісті орындардан өтінімдер түспеуіне байланысты

атқарылмаған, яғни жарғының талаптары сақталмастан осы тармақтардағы көрсетілген жұмыс түрлері атқарылмаған.

Аудитпен қамтылған кезеңде, Мекеменің мәліметіне сәйкес аудан аумағында барлығы 1274 көшелер, оның ішінде ішкі орамдық көше 1194, магистральдық көшелер саны 80 құрайды.

Мекемеге 2024 жылы 10 дана сомасы 266 159,9 мың теңгені құрайтын арнайы техникалар сатып алынған, бұл техникаларды 2025 жылдан бастап қолданылған.

Мекеменің мәліметіне сәйкес бюджеттік бағдарламаның 144-ерекшелігінен 2023 жылы 645,8 мың теңгеге және 2024 жылы 2 896,9 мың теңгеге жанар-жағар май сатып алынған. Алынған жанар-жағар майлар Мекеменің қызметін атқару барысында негізгі құралдарын пайдалану мақсатында жаратылған, атап айтқанда шынжырлы ара (бензопила), мотосорғы (мотопомпа), генератор, бұта кескіш (кустарез), көгалшапқыш (газонокосилка), қар тазалаушы машиналарды жұмыс істету барысында жұмсалынған.

Жалпы бюджеттен бөлінген қаржылар Мекеменің қызметін жүзеге асыруға бағытталып, 2023-2024 жылдарға жоспарланған бюджет қаржысы бюджеттік бағдарлама аясында игерілгенімен, бірақ қаржы жылдары соңында игерілмеу қауіпі бар ерекшеліктер бойынша қаржылары қысқартылып, тиімсіз жоспарлауға жол берілген.

Жүргізілген аудиторлық іс-шара нәтижесімен жалпы бұзушылық 11 тармақты, оның ішінде рәсімдік сипаттағы бұзушылық саны 3 бірлікті құрады.

2. «*Енбекші*» коммуналдық мемлекеттік мекемесі: Шымкент қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 20 ақпандағы №322 қаулысына сәйкес Мекеменің Жарғысы бекітілген. Осы жарғыға Шымкент қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 01 ақпандағы №145 қаулысымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген.

Мекеменің 2023 жылға штаттық кестесі 250 қызметкер және 2024 жылға 304 қызметкер болып бекітілген, өндірістік қажеттілікке байланысты 2024 жылға 54 қызметкер қосылған.

Мекеме жарғыға сәйкес мақсаттарына қол жеткізу үшін мынадай қызметтің түрлерін жүзеге асырады, яғни қызметінің негізгі мәні аудан бойынша абаттандырылған нысандарды және аудан әкімі аппаратының теңгеріміндегі мүлікті күтіп-ұстау жұмыстарын жүргізу. Сондай-ақ, аудан әкімі аппаратына қарасты меншіктегі зират қорымын, жерлеу, зираттар мен өзге де жерлеу орындарын күтіп-ұстау және пайдалану бойынша ұйымдастырушылық-өкімдік және өкімшілік-шаруашылық функцияларды жүзеге асырады. Аудан аумағында орнатылған балалар ойын алаңшалары мен ашық спорт алаңшаларын орнату және күтіп-ұстау, мерекелік безендіру, су басудың алдын алу мақсатында ирригациялық жүйелер салу, тазалау және күтіп-ұстау.

Аудиторлық іс-шара қорытындысымен анықталған бұзушылықтар сомасы 575 922,1 мың теңгені құрады, оның ішінде қалпына келтірілетін қаржылық бұзушылықтар көлемі 7 648,4 мың теңге (аудит барысында 7 648,4 мың теңге қалпына келтірілді), бюджетке өтелуге жататын қаржы 300,7 мың теңге

(аудит барысында 30,0 мың теңге бюджетке өтелді), 567 973,0 мың теңге тиімсіз жоспарланған. Атап айтқанда:

Мекеменің 2024 жылғы қаржылық есептілігі бойынша кредиторлық берешек сомасы 7 648,4 мың теңгеге (3121-шоты - 162,3 мың теңге, 3122-шоты - 3454,2 мың теңге, 3141-шоты - 1923,2 мың теңге, 3144-шоты - 727,8 мың теңге, 3151-шоты - 1369,7 мың теңге, 3210- шоты -11,2 мың теңге) бұрмалауға жол берілген, бұл қаржы аудит барысында (29.09.2025жылғы №1239860/25-735, 29.09.2025жылғы №1239860/25-737, 14.10.2025жылғы №1239860/25-762, №1239860/25-742, 04.11.2025жылғы №1239860/25-842, 14.10.2025жылғы №1239860/25-760, 14.10.2025жылғы №1239860/25-761, 14.10.2025жылғы №1239860/25-762, 23.10.2025жылғы №1239860/25-786, 04.11.2025жылғы №1239860/25-840, 04.11.2025жылғы №1239860/25-841, 14.10.2025жылғы №1239860/25-770 төлем құжаттармен) қалпына келтірілді.

Келісім шарттардағы талаптар мен міндеттемелердің орындалуына жүргізілген аудит нәтижесінде заттарды-тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау және көрсететін қызметтерді мерзімінен кешіккен күндері үшін тұрақсыздық айыппұл ұсталынбағаны анықталды. Жалпы, 2023 жылы 11,9 мың теңге және 2024 жылы 288,8 мың теңге, барлығы 300,7 мың теңге тұрақсыздық айыппұл бюджетке өтелуге жатады, оның ішінде аудит барысында 2023 жылдан 11,9 мың теңге және 2024 жылдан 18,1 мың теңге, барлығы 30,0 мың теңге бюджетке өтелді.

Сондай-ақ, Мекеме тарапынан 2024 жылы төмендегі 3 келісім шарттар бойынша тұрақсыздық айыппұлдар есептеліп бюджетке өтелген, олар: 1). 15.11.2024 жылғы №50 келісім шарт бойынша 06.01.2025 жылы №8 төлем тапсырмамен 873,0 мың теңге төленген; 2). 15.11.2024 жылғы №52 келісім шарт бойынша 06.01.2025 жылы №7 төлем тапсырмамен 705,0 мың теңге төленген; 3). 15.11.2024 жылғы №53 келісім шарт бойынша 25.12.2024 жылы №3132 төлем тапсырмамен 62,2 мың теңге төленген, барлығы 1 640,2 мың теңге бюджетке өтелген.

Жалпы, 2023 жылы 10 027,0 мың теңге және 2024 жылы 557 946,0 мың теңге, барлығы 567 973,0 мың теңге техникаларды сатып алу мен көлік қызметтері үшін төлемдерден жыл соңында игерілмеу қауіпі болуына байланысты қысқартылып, тиімсіз жоспарлауға жол берілген.

Мекеменің мәліметіне сәйкес аудан аумағында жалпы саны 27 жерлеу орындары (23-мұсылман, 4-христиан, толып жабылғаны-4) орналасқан. «Шымкент қаласы бойынша жерлеудің және зираттарды күтіп ұстау ісін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» 2019 жылғы 27 маусымдағы №51/430-6с мәслихатының шешіміне өзгерістер енгізілген.

Мекеме жарғысында көрсетілген қызметтерді жүзеге асырған. Алайда, жарғыдағы 3-тарау, 14-тамақтың 12), 15), 22)-тармақшалары бойынша көрсетілетін қызмет түрлері орындалмаған. Аталған тармақтардағы қызмет түрлері бойынша тиісті орындардан өтінімдер түспеуіне байланысты атқарылмаған, яғни жарғының талаптары сақталмастан осы тармақтардағы көрсетілген жұмыс түрлері атқарылмаған.

Мекеменің мәліметіне сәйкес аудан аумағында барлығы 662 көшелер, оның ішінде ішкі орамдық көше 645, магистральдық көшелер саны 17 құрайды.

Мекемеге 2024 жылы 10 дана сомасы 233 469,4 мың теңгені құрайтын арнайы техникалар сатып алынған, бұл техникаларды 2025 жылдан бастап қолданылған.

Мекеменің мәліметіне сәйкес бюджеттік бағдарламаның 144-ерекшелігінен 2023 жылы 1 086,0 мың теңгеге және 2024 жылы 5 229,1 мың теңгеге жанар-жағар май сатып алынған. Алынған жанар-жағар майлар Мекеменің қызметін атқаруға негізгі құралдарын пайдалану мақсатында жаратылған, атап айтқанда шынжырлы ара (*бензопила, «Мотокоса Stihl FS 350» Триммер, «Мотокоса бензиновая Stihl FS» 100*), бұта кескіш (*кустарез, Stihl MS 361 50 см*), электрогенератор (*Эксперт ГБР 6500*) құралдарына жұмыс жасауға жұмсалған.

Жалпы бюджеттен бөлінген қаржылар Мекеменің қызметін жүзеге асыруға бағытталып, 2023-2024 жылдарға жоспарланған бюджет қаржысы бюджеттік бағдарлама аясында игерілгенімен, бірақ қаржы жылдары соңында игерілмеу қауіпі бар ерекшеліктер бойынша қаржылары қысқартылып, тиімсіз жоспарлауға жол берілген.

Жүргізілген аудиторлық іс-шара нәтижесімен жалпы бұзушылық 6 тармақты, оның ішінде рәсімдік сипаттағы бұзушылық саны 1 бірлікті құрады.

3. **«Қаратау» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:** Шымкент қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 20 ақпандағы №312 қаулысына сәйкес Мекеменің Жарғысы бекітілген. Осы жарғыға Шымкент қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 01 ақпандағы №145 қаулысымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген.

Мекеменің 2024 жылға штаттық кестесі 329 қызметкер болып бастапқыда бекітілген, өндірістік қажеттілікке байланысты 98 штат қосылған, 427 штатты құрайды.

Мекеме жарғыға сәйкес мақсаттарына қол жеткізу үшін мынадай қызметтің түрлерін жүзеге асырады, яғни Мекеменің қызметінің негізгі мәні аудан бойынша абаттандырылған нысандарды және аудан әкімі аппаратының теңгеріміндегі мүлікті күтіп-ұстау жұмыстарын жүргізу. Сондай-ақ, аудан әкімі аппаратына қарасты меншіктегі зират қорымын, жерлеу, зираттар мен өзге де жерлеу орындарын күтіп-ұстау және пайдалану бойынша ұйымдастырушылық-өкімдік және әкімшілік-шаруашылық функцияларды жүзеге асырады. Аудан аумағында орнатылған балалар ойын алаңшалары мен ашық спорт алаңшаларын орнату және күтіп-ұстау, мерекелік безендіру, су басудың алдын алу мақсатында ирригациялық жүйелер салу, тазалау және күтіп-ұстау.

Аудиторлық іс-шара қорытындысымен анықталған бұзушылықтар сомасы 470 485,3 мың теңгені құрады, оның ішінде қалпына келтірілетін қаржылық бұзушылықтар көлемі 2 456,9 мың теңге, бюджетке өтелуге жататын артық төленген айлық жалақы 282,2 мың теңге және тұрақсыздық айыппұл қаржы 54,2 мың теңге (*аудит барысында 54,2 мың теңге бюджетке өтелді*), 391 252,0 мың теңге тиімсіз жоспарланған, 76 440,0 мың теңге тиімсіз пайдаланған. Атап айтқанда:

Мекеменің 2024 жылғы қаржылық есебіндегі айналым балансында дұрыс емес бухгалтерлік операция жүргізіліп, дебиторлық (3121-шоты - 21,0 мың теңге, 3122-шоты - 265,7 мың теңге, 3142 шоты -52,1 мың теңге, 3151- шоты - 30,8 мың теңге, 3152-шоты -733,1 мың теңге, 3242-шоты -128,9 мың теңге, 3245-шоты -164,4 мың теңге, жалпы сомасы 1396,0 мың теңге) және кредиторлық (3141-шоты - 47,4 мың теңге, 3144-шоты - 465,5 мың теңге, 3241 шоты - 548,0 мың теңге, жалпы сомасы 1060,9 мың теңге) берешек барлығы 2456,9 мың теңге бұрмалауға жол берілген.

Келісім шарттардағы талаптар мен міндеттемелердің орындалуына жүргізілген аудит нәтижесінде заттарды-тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау және көрсететін қызметтерді мерзімінен кешіккен күндері үшін анықталған тұрақсыздық айыппұл аудит барысында 54,2 мың теңге бюджетке өтелді.

Сондай-ақ, Мекеме мен «GS AUTO» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі арасында 2024 жылғы 18 қарашада №159 келісім шарт түзілген, нәтижесінде арнайы техника (автогидрокөтергіш) жеткізу мерзімін кешіктіргені үшін тұрақсыздық айыппұл 263,8 мың теңге 2024 жылғы 09 желтоқсанда №602 төлем тапсырмасымен бюджетке төленген. Мекеме мен «Кент-Строй 30» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі арасындағы 2024 жылы 03 желтоқсанда №163 келісім шарт түзіліп, нәтижесінде арнайы техника (самосвал) жеткізу мерзімін кешіктіргені үшін тұрақсыздық айыппұл 2 283,0 мың теңге 2024 жылғы 27 желтоқсанда №559 төлем тапсырмамен бюджетке төленген, барлығы 2 546,8 мың теңге бюджетке өтелген.

Мекеменің әкімшілік бөлімінің басшысына 2024 жылғы шілде айында жұмыс уақытын есепке алу табелінде нақты жұмыс уақыты 24 күн барлығы 282,2 мың теңге жалақысы артық есептеліп аударылған.

2024 жылы сатып алынған барлығы 285 376,0 мың теңгеге 10 дана мамандандырылған техникадан сомасы 76 440,0 мың теңгені құрайтын 3 дана техника (маркасы DONGFENG C120S) Мекеменің теңгеріміне алынған, бірақ техникалық паспорты мен мемлекеттік нөмірі алынбаған, яғни тиімді пайдаланылмай бос тұр.

Жоспарданған бастапқы бюджеттен 2024 жылы барлығы 391 252,0 мың теңге жыл соңында игерілмеу қауіпі болуына байланысты қысқартылып, тиімсіз жоспарлауға жол берілген.

Мекеменің мәліметіне сәйкес аудан аумағында орналасқан 14 жерлеу орны (мазарат) бар, олардың күтіп-ұстау жұмыстарын жүргізу міндеттелген (Дендросаябақ маңындағы христиан мазараты, Қайтпас шағын ауданы мұсылман мазараты, Бозарық шағын ауданы мұсылман мазараты, Тассай шағын ауданы мұсылман мазараты, Таскен тұрғын алабы мұсылман мазараты (Жагалбайлы), Мәртөбе тұрғын алабы мұсылман мазараты, Мәртөбе тұрғын алабы христиан мазараты, Қарашаш ана кесенесі, Мірәлі баба кесенесі, Мариям ана кесенесі, Балагортан баба (Абдул Азиз) мазараты, Лангар ата мазараты, Халық ата мазараты, Ибрагим ата мазараты).

Мекеме жарғысында көрсетілген қызметтерді жүзеге асырған. Алайда, жарғыдағы 3-тарау, 14-тамақтың 12)-тармақшасы туысы жоқ адамдарды жерлеуді ұйымдастыру, 15)-тармақшасы қабірлерді жобалау және салу, 18)-тармақшасы қайтыс болған адамдарды немесе олардың сүйектерін жерлеу үшін

зираттарды уақтылы дайындау, 22)-тармақша азаматтарға жерлеу орнын күтіп-ұстау үшін мүкәммалды жалға беру бойынша көрсетілген қызмет түрлері орындалмаған. Аталған тармақтардағы қызмет түрлері бойынша тиісті орындардан өтінімдер түспеуіне байланысты атқарылмаған, жарғының талаптары сақталмаған, яғни осы тармақтардағы жұмыс түрлері атқарылмаған.

Мекеменің мәліметіне сәйкес аудан аумағында 2024 жылы барлығы 811 көшелер бар, оның ішінде ішкі орамдық көше 736, магистральдық көшелер саны 75 құрайды. 2023 жылмен салыстырғанда ішкі орамдық көшелер саны 216 артқан.

Мекемеге 2024 жылы жалпы 22 дана сомасы 570 398,4 мың теңгеге, оның ішінде 285 376,0 мың теңгеге 10 дана мамандандырылған техника сатып алынған, бұл техникаларды 2025 жылдан бастап қолданылған.

Мекеменің мәліметіне сәйкес бюджеттік бағдарламаның 144-ерекшелігінен 2024 жылы 7 624,0 мың теңгеге жанар-жағар май сатып алынған. Алынған жанар-жағар майлар Мекеме қызметіне құралдарын пайдалану мақсатында жаратылған, атап айтқанда шөп оратын құрылғы (STIHL), шынжырлы ара, бұта кескіш (Makita), мотосорғы (мотопомпа), электрогенератор құралдарына жұмыс жасауға жұмсалған.

Бюджет қаржылары Мекеменің қызметін жүзеге асыруға бағытталып, 2024 жылы бастапқы жоспарланған бюджет қаржысы бюджеттік бағдарлама аясында игерілгенімен, бірақ жыл соңында игерілмеу қауіпі бар ерекшеліктер бойынша қысқартылып, тиімсіз жоспарлауға жол берілген.

Жүргізілген аудиторлық іс-шара нәтижесімен жалпы бұзушылық 6 тармақты, оның ішінде рәсімдік сипаттағы бұзушылық саны 1 бірлікті құрады.

4. «Тұран» коммуналдық мемлекеттік мекемесі: Шымкент қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 03 наурыздағы №458 қаулысына сәйкес Мекеменің Жарғысы бекітілген. Осы Жарғыға Шымкент қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 1 ақпандағы №145 қаулысымен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген.

Мекеменің 2024 жылға штаттық кестесі 461 қызметкер бекітілген. Аудан әкімінің 2024 жылғы 28 тамыздағы №160-н/қ өкімімен штаттық кестеге сәйкес 8 бөлімге бөлінген.

Аудиторлық іс-шара қорытындысымен анықталған бұзушылықтар сомасы 688 047,1 мың теңгені құрады, оның ішінде қалпына келтірілетін қаржылық бұзушылықтар көлемі 10 902,2 мың теңге, бюджетке өтелуге жататын қаржы 2 016,9 мың теңге (оның ішінде аудит барысында 1 508,9 мың теңге бюджетке өтелді), 675 128,0 мың теңге тиімсіз жоспарланған. Атап айтқанда:

Мекеменің 2024 жылғы қаржылық есебіндегі айналым балансында дұрыс емес бухгалтерлік операция жүргізіліп, дебиторлық (3121-шоты - 8686,3 мың теңге, 3141 шоты -170,4 мың теңге, 3142 шоты - 110,3 мың теңге, 3151 шоты - 60,5 мың теңге, 3241 шоты - 551,5 мың теңге, 3242 шоты - 31,7 мың теңгеге, 3245 шоты -19,4 мың теңге, жалпы сомасы - 9630,2 мың теңге) және кредиторлық (3122-шоты - 149,0 мың теңге, 3144-шоты - 2,4 мың теңге, 3152-шоты 1120,6 мың теңге, жалпы сомасы 1272,0 мың теңге) берешектер барлығы 10 902,2 мың теңгеге бұрмалауға жол берілген.

Келісім шарттардағы талаптар мен міндеттемелердің орындалуына жүргізілген аудит нәтижесінде заттарды-тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау және көрсететін қызметтерді мерзімінен кешіккен күндері үшін 2024 жыл қорытындысымен тұрақсыздық айыппұл 2 016,9 мың теңге анықталып, оның ішінде аудит барысында 1 508,9 мың теңгесі бюджетке өтелді.

2024 жылы барлығы 675 128,0 мың теңге сатып алынатын заттар мен көрсетілетін қызмет түрлері бойынша өткізілген конкурстарға жеңімпаз анықталмауы салдарынан жыл соңында игерілмеу қауіпі болуына байланысты қысқартылып, тиімсіз жоспарлауға жол берілген.

Аудан аумағында орналасқан 15 жерлеу орындарына (мазарат) күтіп-ұстау жұмыстарын жүргізу міндеттелген (олар: Алматы-Ташкент айналма тас жолының бойындағы мұсылман мазараты, Алматы-Ташкент айналма тас жолының бойындағы христиан мазараты, Алматы-Ташкент айналма тас жолының бойындағы Қорғасын зауыты маңындағы христиан мазараты, Құрсай шағын ауданындағы жаңа мұсылман мазараты, Айкөл тұрғын алабындағы мұсылман мазараты, Жаңаталап тұрғын алабындағы мұсылман мазараты, Жаңаталап тұрғын алабы Жұманов көшесінің бойындағы мұсылман мазараты, Жаңаталап тұрғын алабындағы мұсылман мазараты, Көкбұлақ тұрғын алабындағы мұсылман мазараты, Ақжар тұрғын алабындағы мұсылман мазараты, Ақтас тұрғын алабындағы мұсылман мазараты, Ақтас тұрғын алабындағы мұсылман мазараты, Ақтас-2 тұрғын алабындағы мұсылман мазараты, Қатынкөпір шағын ауданы Рысқұлов көшесінің бойындағы Ақмырзабай ата мұсылман мазараты, Қызылжар шағын ауданы Мамина Сибиряка және Табынбаев көшелерінің қиылысындағы мұсылман мазараты).

Мекеме жарғысында көрсетілген қызметтерді жүзеге асырған. Алайда, жарғыдағы 3-тарау, 14-тамақтың 15), 22)-тармақшалары бойынша көрсетілетін қызмет түрлері орындалмаған. Аталған тармақтардағы қызмет түрлері бойынша тиісті орындардан өтінімдер түспеуіне байланысты атқарылмаған, жарғының талаптары сақталмастан осы тармақтардағы көрсетілген жұмыс түрлері атқарылмаған.

Мекеменің мәліметіне сәйкес аудан аумағында көшелер саны барлығы 586, оның ішінде ішкі орамдық көше 490, магистральдық көшелер саны 96 құрайды.

Мекемеге 2024 жылы 29 дана жалпы сомасы 192 438,6 мың теңгеге арнайы техникалар сатып алынған, бұл техникаларды 2025 жылдан бастап қолданылған.

Мекеменің мәліметіне сәйкес бюджеттік бағдарламаның 144-ерекшелігінен 2024 жылы 1 414,0 мың теңгеге жанар-жағар май сатып алынған. Алынған жанар-жағар майлар Мекеменің қызметін атқару үшін негізгі құралдарын пайдалану мақсатында жаратылған, атап айтқанда шөп оратын құрылғы, шынжырлы ара, бұта кескіш, мотосорғы (мотопомпа), электрогенератор құралдарына жұмыс жасауға жұмсалған.

Бюджет қаржылары Мекеменің қызметін жүзеге асыруға бағытталып, 2024 жылы бастапқы жоспарланған бюджет қаржысы бюджеттік бағдарлама аясында игерілгенімен, бірақ жыл соңында игерілмеу қауіпі бар ерекшеліктер бойынша қысқартылып, тиімсіз жоспарлауға жол берілген.

Жүргізілген аудиторлық іс-шара нәтижесімен жалпы бұзушылық 4 тармақты, оның ішінде рәсімдік сипаттағы бұзушылық саны 1 бірлікті құрады.

Жалпы аудиторлық іс-шара жүргізілген 4 Мекеме аудит объектілерінің қызметтерінің іске асырылу тиімділігін қорытындылай келе, жарғыға сәйкес жүктелген міндеттерді және аудан әкімі тарапынан берілген тапсырмалар мен тұрғындар тарапынан түскен шағым-өтініштерді орындау мақсатында көрсеткен қызметтері жеткіліксіз деңгейде деп тұжырымдауға болады. Себебі, Мекеменің жарғысына сәйкес жүктелген міндеттердің кейбір тармақтары бойынша жұмыстар атқарылмай келген, берілген тапсырмалар мен тұрғындардан түскен өтініш-шағымдар көлеміндегі ағымдағы жұмыстарды атқарумен шектелген, ал қаланың даму қарқынын жүйелі түрде арттыру мақсатында жылдық жоспарлы түрде жұмыстар атқарылмаған.

2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау

Шымкент қаласы аудан әкімдіктеріне бағынысты мекемелеріне бөлінген бюджет қаражатын пайдалану тиімділігіне жүргізілген талдау нәтижесімен, аудандар бойынша көшелерге жыл сайын кезең-кезеңімен ағаштар отырғызу, ағаштарды есепке алып тіркеу, көгалдандыру мен суғару жұмыстары, қаланы су басудың алдын алу мақсатында салынған ирригациялық жүйелерді нығайту мен жолға қою сияқты жұмыстарды атқару жүйелі түрде жоспарланбаған. Мекемелер тарапынан атқаратын қызметтері аудан аумағындағы көшелерді санитарлық тазарту, көшелерге орнатылған урналарды күтіп ұстау және аудан әкімінің аппараты тарапынан берілген тапсырмалар мен тұрғындардың өтініш-шағымдары көлеміндегі ағымдағы жұмыстарды атқарумен шектелген, қаланың даму қарқынын жүйелі түрде арттыру мақсатында жылдық жоспарлы түрде жұмыстар атқарылмаған.

Аудитпен қамтылған 4 Мекемелердің мәліметіне сәйкес 2024 жылы аудандар аумағында жалпы көшелер саны 3333, оның ішінде ішкі орамдық 3065 және магистральдық 268 көше, 2023 жылмен салыстырғанда 216 көшеге артқан.

Аудан аумағындағы ішкі орамдық көшелерді санитарлық тазалау бойынша ағымдағы шығыстар жыл сайын бюджеттік бағдарламамен қаржыландыру жоспарының өсу серпіні байқалады.

III. Қорытынды бөлік.

3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар.

1. *«Абай» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:* Келісім шарттар бойынша мердігерлер тарапынан тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау және көрсететін қызметтерді мерзімінен кешіктіргені үшін ұсталынбаған тұрақсыздық айыппұлдың ішінен 10,6 мың теңгесі аудит барысында бюджетке өтелді (27.11.2025ж. №620300062750 түбіртек). Сондай-ақ, 2023 жылы Мекеме қызметкеріне негізсіз артық аударылған айлық жалақы 75,7 мың теңге аудит барысында бюджетке өндірілді (21.11.2025ж. №2538035091-0003 кассалық кіріс ордері).

2. *«Енбекші» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:* 2024 жылдың қорытындысымен жылдық қаржылық есептілікте жалпы 7 648,4 мың теңгеге

бұрмаланған қаржы аудит барысында қалпына келтірілді (аудит барысында 29.09.2025жылғы №1239860/25-735, 29.09.2025жылғы №1239860/25-737, 14.10.2025жылғы №1239860/25-762, №1239860/25-742, 04.11.2025жылғы №1239860/25-842, 14.10.2025жылғы №1239860/25-760, 14.10.2025жылғы №1239860/25-761, 14.10.2025жылғы №1239860/25-762, 23.10.2025жылғы №1239860/25-786, 04.11.2025жылғы №1239860/25-840, 04.11.2025жылғы №1239860/25-841, 14.10.2025жылғы №1239860/25-770 төлем құжаттармен қалпына келтірді). Сондай-ақ, келісім шарттар бойынша мердігерлер тарапынан тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау және көрсететін қызметтерді мерзімінен кешіктіргені үшін ұсталынбаған тұрақсыздық айыппұлдардың ішінен 30,0 мың теңгесі аудит барысында бюджетке өтелді (26.11.2025ж. №6 төлем тапсырмамен 12,0мың теңге; 28.11.2025ж. №1 төлем тапсырмамен 18,0мың теңге).

3. «Қаратау» коммуналдық мемлекеттік мекемесі: Келісім шарттар бойынша мердігерлер тарапынан тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау және көрсететін қызметтерді мерзімінен кешіктіргені үшін ұсталынбаған тұрақсыздық айыппұл 54,2 мың теңге аудит барысында бюджетке өтелді (20.11.2025ж. №620300062750 түбіртек).

4. «Тұран» коммуналдық мемлекеттік мекемесі: Келісім шарттар бойынша мердігерлер тарапынан тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау және көрсететін қызметтерді мерзімінен кешіктіргені үшін ұсталынбаған тұрақсыздық айыппұлдың ішінен 1 508,9 мың теңгесі аудит барысында бюджетке өтелді (20.11.2025ж. №2287 төлем тапсырмамен 1 411,2мың теңге; 20.11.2025ж. №548 төлем тапсырмамен 97,7мың теңге).

3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар

Мекемелердің алдына қойылған міндеттер мен функцияларды орындау, үйлестіру және іске асыру процесінде жауаптылықтың тиісті деңгейде атқарылмауын көрсетті.

3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар.

1. «Шымкент қаласы аудан әкімдіктеріне бағынысты мекемелеріне бөлінген бюджет қаражатын пайдалану тиімділігінің мемлекеттік аудиті» аудиторлық іс-шарасының нәтижесі бойынша тексеру комиссиясының отырысында аудиторлық қорытындыны бекітуді ұсынамын.

2. Жоғарыда аталған кемшіліктер мен бұзушылықтарды ескере келе, Мекемелердің бюджет қаражатын жоспарлау мен пайдалану тиімділігі және Жарғысына сәйкес жүктелген міндеттердің кейбір тармақтары бойынша жұмыстар атқарылмай келген, сондай-ақ берілген тапсырмалар мен тұрғындар тарапынан түскен шағым-өтініштерді орындау мақсатында көрсеткен қызметтері жеткіліксіз деңгейде деп тұжырымдауға болады.

3. Қаратау ауданының әкімдігіне «Қаратау» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне 2024 жылы сатып алынған 76 440,0 мың теңгені құрайтын 3 бірлік жүк көлігі техникалардың (маркасы DONGFENG C-120S) техникалық паспорты мен мемлекеттік нөмірін алу мақсатында тиісті шаралар қабылдау жөнінде хат жолдансын;

4. Мемлекеттік аудит объектілерінің басшыларына қолданыстағы бюджеттік, бухгалтерлік есеп, мемлекеттік сатып алу және басқада заңнама

талаптарының сақталуын қамтамасыз ету, алдағы уақытта бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау мен пайдалану және орын алған бұзушылықтарды қалпына келтіру бойынша Тексеру комиссиясының **Нұсқамасы** ұсынылсын:

1. «Шымкент қаласының Абай ауданы әкімі аппаратының «Абай» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысына:

1) Аудит барысында орын алған бұзушылықтар мен кемшіліктерді болдырмау, алдын алу бойынша бюджет қаржыларын жоспарлау мен пайдалану кезінде тиімділік және нәтижелілік қағидаттарын сақтау мақсатында, бюджеттік өтінімдердің сапалы әзірленуін қамтамасыз ету бағытында бюджеттік заңнама, бухгалтерлік есеп талаптарын, келісім шарттардың талаптары мен міндеттемелерін уақтылы орындауына, бюджет қаржысының алдағы уақытта тиімсіз жоспарлануы мен пайдалануына жол бермеу үшін Мекеменің қызметкерлерімен түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, нәтижесінде жиналыс отырысында тиісті шаралар қабылдап тапсырмалар берілсін;

2) Мекеменің 2023 жылғы қаржылық есептілігінің айналым балансында дұрыс емес бухгалтерлік операция жүргізіліп, дебиторлық және кредиторлық берешектер сомасы 2 410,5 мың теңге қалпына келтірілсін;

3) Келісім шарттардағы талаптар мен міндеттемелерді орындамағаны үшін 2023-2024 жылдар қорытындысымен есептелген тұрақсыздық айыппұл барлығы 1 233,2 мың теңгеден қалған 1 222,6 мың теңгені бюджетке өтеу бойынша шаралар қабылдансын;

4) Аудит барысында орын алған бюджетті жоспарлау, бухгалтерлік есеп және келісім шарттардың талаптарының сақталмауы бойынша бұзушылықтар мен кемшіліктерге жол берген жауапты тұлғаларының тәртіптік жауапкершіліктері қаралсын;

5) Жоғарыда көрсетілген тапсырмалар бойынша қабылданған шаралар туралы мәліметті 2026 жылғы **20 наурызға** дейін, Шымкент қаласы бойынша тексеру комиссиясына ұсынылсын.

2. «Шымкент қаласының Еңбекші ауданы әкімі аппаратының «Еңбекші» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысына:

1) Аудит барысында орын алған бұзушылықтар мен кемшіліктерді болдырмау, алдын алу бойынша бюджет қаржыларын жоспарлау мен пайдалану кезінде тиімділік және нәтижелілік қағидаттарын сақтау мақсатында, бюджеттік өтінімдердің сапалы әзірленуін қамтамасыз ету бағытында бюджеттік заңнама, бухгалтерлік есеп талаптарын, келісім шарттардың талаптары мен міндеттемелерін уақтылы орындауына, бюджет қаржысының алдағы уақытта тиімсіз жоспарлануына жол бермеу үшін Мекеменің қызметкерлерімен түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, нәтижесінде жиналыс отырысында тиісті шаралар қабылдап тапсырмалар берілсін;

2) Келісім шарттардағы талаптар мен міндеттемелерді орындамағаны үшін 2023-2024 жылдар қорытындысымен салынған тұрақсыздық айыппұл сомасы 300,7 мың теңгеден қалған 271,0 мың теңгені бюджетке өтеу бойынша шаралар қабылдансын;

3) Аудит барысында орын алған бюджетті жоспарлау, бухгалтерлік есеп және келісім шарттардың талаптарының сақталмауы бойынша бұзушылықтар мен кемшіліктерге жол берген жауапты тұлғаларының тәртіптік жауапкершіліктері қаралсын;

4) Жоғарыда көрсетілген тапсырмалар бойынша қабылданған шаралар туралы мәліметті 2026 жылғы 20 наурызға дейін, Шымкент қаласы бойынша тексеру комиссиясына ұсынылсын.

3. «Шымкент қаласының Қаратау ауданы әкімі аппаратының «Қаратау» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысына:

1) Аудит барысында орын алған бұзушылықтар мен кемшіліктерді болдырмау, алдын алу бойынша бюджет қаржыларын жоспарлау мен пайдалану кезінде тиімділік және нәтижелілік қағидаттарын сақтау мақсатында, бюджеттік өтінімдердің сапалы әзірленуін қамтамасыз ету бағытында бюджеттік заңнама, бухгалтерлік есеп талаптарын, келісім шарттардың талаптары мен міндеттемелерін уақтылы орындауына, бюджет қаржысының алдағы уақытта тиімсіз жоспарлануы мен пайдалануына жол бермеу үшін Мекеменің жауапты қызметкерлерімен түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, нәтижесінде жиналыс отырысында тиісті шаралар қабылдап тапсырмалар берілсін;

2) Мекеменің 2024 жылғы қаржылық есептілігінің айналым балансында дұрыс емес бухгалтерлік операция жүргізілген дебиторлық және кредиторлық берешектер сомасы 2 456,9 мың теңге қалпына келтірілсін;

3) Мекеменің әкімшілік бөлімінің басшысына 2024 жылы шілде айына жалақысы артық төленген 282,2 мың теңге қаржысы бюджетке өндірілсін;

4) Аудит барысында орын алған бюджетті жоспарлау мен пайдалану, бухгалтерлік есеп және келісім шарттардың талаптарының сақталмауы бойынша бұзушылықтар мен кемшіліктерге жол берген жауапты тұлғаларының тәртіптік жауапкершіліктері қаралсын;

5) Жоғарыда көрсетілген тапсырмалар бойынша қабылданған шаралар туралы мәліметті 2026 жылғы 20 наурызға дейін, Шымкент қаласы бойынша тексеру комиссиясына ұсынылсын.

4. «Шымкент қаласының Тұран ауданы әкімі аппаратының «Тұран» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысына:

1) Аудит барысында орын алған бұзушылықтар мен кемшіліктерді болдырмау, алдын алу бойынша бюджет қаржыларын жоспарлау мен пайдалану кезінде тиімділік және нәтижелілік қағидаттарын сақтау мақсатында, бюджеттік өтінімдердің сапалы әзірленуін қамтамасыз ету бағытында бюджеттік заңнама, бухгалтерлік есеп талаптарын, келісім шарттардың талаптары мен міндеттемелерін уақтылы орындауына, бюджет қаржысының алдағы уақытта тиімсіз жоспарлануы мен пайдалануына жол бермеу үшін Мекеменің жауапты қызметкерлерімен түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, нәтижесінде жиналыс отырысында тиісті шаралар қабылдап тапсырмалар берілсін;

2) Мекеменің 2024 жылғы қаржылық есептілігінің айналым балансында дұрыс емес бухгалтерлік операция жүргізілген дебиторлық және кредиторлық берешектер сомасы 10 902,2 мың теңге қалпына келтірілсін;

3) Келісім шарттардағы талаптар мен міндеттемелерді орындамағаны үшін 2024 жыл қорытындысымен салынған тұрақсыздық айыппұл барлығы 2 016,9 мың теңгеден қалған 508,0 мың теңгені бюджетке өтеу бойынша тиісті шаралар қабылдансын;

4) Аудит барысында орын алған бюджетті жоспарлау, бухгалтерлік есеп және келісім шарттардың талаптарының сақталмауы бойынша бұзушылықтар мен кемшіліктерге жол берген жауапты тұлғаларының тәртіптік жауапкершіліктері қаралсын;

5) Жоғарыда көрсетілген тапсырмалар бойынша қабылданған шаралар туралы мәліметті 2026 жылғы 20 наурызға дейін, Шымкент қаласы бойынша тексеру комиссиясына ұсынылсын.

3.4. Қосымша: Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтардың жиынтық тізілімі, жүйелі кемшіліктердің жиынтық кестесі _____ парақта тіркелді.

Тексеру комиссиясының мүшесі

Ж. Сәдібеков

Мемлекеттік аудит бөлімінің
басшысы-мемлекеттік аудитор

Г. Елшибаев

Жоспарлау, талдау, есептілік және
сапаны бақылау бөлімінің басшысы

Д. Кенже

Әкімшілік-заң және персоналды
басқару бөлімінің бас
инспектор-заң кеңесшісі

Е. Асқаров

Мемлекеттік аудит бөлімінің
бас инспекторы-мемлекеттік аудитор

Н. Джакипов